ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

4 апта

4-6 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

4 апта

Аптаның жобасы:

«Бірге балмұздақ дайындаймыз»

Мақсаты:
балмұздақ дайындаудың оңай және тиімді жолын үйрену, отбасымен қызықты уақыт өткізу, үйдегі жақындарыңызға балмұздақ сыйлау.

Орындау барысы:
барлық қажетті ингредиенттер мен ас үй құралдарын дайындау. Белдемше тағу және тағамды дайындар алдында қолды жуу.

Ұсынылатын бейне:
https://youtu.be/8I0_4Edi-4s
Кейін жақындарыңыздың барлығына балмұздақ сыйлап, уақытты бірге көңілді өткізу.

Күнделікті бір жақсылық жасау:

ДҮЙСЕНБІ

Сыныптасыңызға үй жұмысын орындауға көмектесіңіз.

Сейсенбі

Өз қолыңыздан антисептик немесе сабын дайындап, жақындарыңыздың денсаулығын сақтауға көмектесіңіз.

Сәрсенбі

Үйдегі жақындарыңызбен спорттық жаттығулар жасаңыз.

Бейсенбі

Өз қолыңызбен тиын салғыш жасап, кейін жиналған ақшаға жақындарыңызға сыйлық алыңыз болады.

Жұма

Кішкентай бауырларыңызға көбірек көңіл бөліп, ойын ойнаңыз.

Сенбі

Үйдегілеріңізбен ағылшын тілінде сөздер жаттаңыз.

Жексенбі

Отбасыңызға түскі ас дайындауға көмектесіңіз.

4 апта

Аптаның қолөнер туындысы:

"3D фигуралар»

Мақсаты:
3D фигуралардан ойыншықтар жасауды үйрену, қол моторикасын дамыту.

Тапсырманы орындау барысы:
түрлі түсті қағаз, желім және сызғышты дайындау. Барлығын қатаң түрде бейне нұсқаулық бойынша жасап, барлық қағазды дұрыс қою керек.

https://www.instagram.com/p/B7qWvwMJiGw/?igshid=1a2kqqdfpbdso

Апта ішінде көруге ұсынылатын деректі фильмдер:

1) «Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж) Әбу Насыр әл-Фараби

https://youtu.be/H9iw6wvetfg

4 апта

Аптаның ғибратты әңгімесі:

Абайдың 6 (алтыншы) қара сөзі

Қазақтың бір мақалы: "Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік" дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

"Ырыс алды – тірлік" дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлданған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен

4 апта

ерінбей жүріп, мал табуға жігер қыла алмайсың.
Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас, болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

“Кітап -алтын қазына”,
апталық оқуға ұсынылатын әдебиет:

«Мен апамның баласымын»
Әлдихан Қалдыбаев



Балалық шақты ойға алмайтын адам баласы жоқ. Оның қызығы мен шыжығы өз алдына, ерекше есте қалатын сәттері де мол. Бала кезден бауыр басқан адамын кім ұмыта алады. Жазушы-драматург Әлдихан Қалдыбаевтың "Мен – апамның баласы-мын" атты романы оқушысын сол балалық бал дәурен шаққа көркем тілмен жетелей отырып, перзенттік парызды ұмытпаудың өнегесін мысал етеді.

4 *апта*

Аптаның ойыны:

«Пантомима» ойыны.

Ойнау тәсілі: Отбасы мүшелері топтарға бөлінеді. Әр топқа, мысалы: достық, қамқорлық, сыйластық, сүйіспеншілік деген секілді тақырыптар беріледі. Әр топ музыканың сүйемелдеуімен өздері құрастырған сюжетті көрсетеді. Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастырады.

4 апта

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

1) «Елес ерткен»
Тихироның ата-анасы қаладан ауылға көшуді ұйғарады. Алайда, кішкентай қыз үлкендердің бұл ойына аса қуанышты емес. Жаңа қонысқа барар жолда олар адасып, ну орман ішіндегі жұмбақ ғимаратқа тап болады. Тихироның қызығушылық танытқан ата-анасы таңға-жайып құрылысты зерттеуді ұйғарып, ішіне кіреді. Ғимарат артында тірі жаны жоқ ерекше қалашық бар боп шығады. Бұл қалашықтың сыры неде?

2) «Заплати другому»
Елестетіп көріңізші, сіз біреулерге елеулі қызмет көрсетесіз және сол адамға өзіңізге емес, өз кезегінде тағы үш кісіге жақсылық жасауды өтінесіз. Осындай жақсылық идеясы қаншалықты тиімді болуы мүмкін? Жетінші сынып оқушысы Тревор МакКинни жақсылық тізбегін бастай отырып, тексеруді шешті.

www.qundylyq.kz